

Дәріс № 8. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 4 - Қазіргі кезеңдегі қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттей отырып, ластануының негізгі бақыланатын параметрлерін жіктей алады;

ПОН 5 - Табиғи және қоршаған ортаны бағалау өлшемдері мен сапасының индикаторларын ажырата алады;

ПОН 6 - Табиғи ортаның негізгі бақыланатын параметрлеріне талдау жасай алады.

Дәрістің жоспары:

1. Сәйкестікті растаудың салалық ерекшеліктері
 2. Сәйкестікті растау жөніндегі органдары туралы жалпы ақпарат
 3. СРО құрылымына қойылатын талаптар
- Дәрістің мақсаты:** Сертификаттау туралы жалпы түсінікті таныстыру
- Дәрістің мәтіні:**

1. Сәйкестікті растаудың салалық ерекшеліктері

Сәйкестікті бағалау - өнімге, процеске, тұлғаға немесе органға қойылған талаптардың орындалғанының дәлелдемесі. Сәйкестікті растау, тіркеу, **аккредиттеу**. тексеру және қадағалау сәйкестікті бағалау іс-әрекеттерінің айқын мысалы болып табылады. Сәйкестікті бағалауға үш тарап қатысады. Қатысушы тараптар дайындаушының (бірінші тарап), сатып алушылардың (екінші тарап) мүддесін қорғайды. Үшінші тарап - алғашқы екі тарапқа да тәуелді емес тұлға немесе орган.

Сәйкесті растау нәтижесі - объектінің техникалық регламенттерінде, стандарттарында немесе шарттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын сәйкестікті бағалау рәсімі.

Сәйкестікті растау нысаны - нәтижелері өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық **регламенттерінде**, стандарттарында немесе шарттарында белгіленген талаптарға сәйкестігінің дәлелі ретінде қаралатын іс-қимылдардың жиынтығы. Сәйкестікті растаудың екі түрі бар:

1. Сәйкестікті ерікті растау - дайындаушының (орындаушының) немесе сатушының бастамасы бойынша жүргізіліп, өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің **стандартқа**, өзге де құжатқа немесе өтінім берушінің арнайы талаптарына сәйкестігін растауды жүзеге асыратын рәсім.

2. Дайындаушының (орындаушының) айналысқа шығаратын өнімінің, көрсетілетін қызметінің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат - сәйкестік туралы декларация деп аталады.

3. Сәйкестікті міндетті растау - өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды жүзеге асырылатын рәсім.

Сәйкестікті растау саласындағы құжат - **Қазақстан Республикасының заңнамасында** белгіленген тәртіппен сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген орган берген сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларация.

Сәйкестік сертификаты - өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға, стандарттардың немесе өзге де құжаттардың ережелеріне сәйкестігін куәландыратын құжат. Өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттар мен өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен өткені туралы сатып алушыларды хабардар етуге арналған белгі - сәйкестік белгісі деп аталады.

Сәйкестікті растау сызбасы - объектінің **техникалық регламенттерде**, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін осы жұмысты жүргізудің нақты кезеңдерін (сынау, өндірісті бағалау, нормативтік және техникалық құжаттаманы талдау т.б.) сипаттай отырып айқындау тәсілдері.

Сәйкестікті растау, тауар шығарылатын мемлекетті анықтау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитор - уәкілетті орган белгі-леген тәртіппен аттестатталған маман.

2. Сәйкестікті растау жөніндегі органдары туралы жалпы ақпарат

Бұл ұйымдар өтінішке жауап беретін әр түрлі формадағы ұйым базасында құралады. Аккредиттеу аумағындағы сертификаттау органы мынадай функцияны орындайды:

1. Өндірушілердің, сатушылардың, орындаушылардың жұмысын атқарудағы және өнімнің сәйкестілігі туралы өтініштерді қарастырады.

2. Сәйкестілікке жататын өнімді анықтайды.
3. Сәйкестілікті анықтауға арналған жұмыстарды өткізеді және дұрыс нәтижеге сүйене отырып, сәйкестілік сертификатын береді.
4. Сәйкестілік декларациясын қабылдау мақсатында өндірушінің өтініші бойынша қосымша жұмыстар орындайды.
5. Сәйкестілік декларациясын тіркейді.
6. Сәйкестілік сертификаттауынан өткен өнім мен қызметтің реестрін өткізеді.
7. Сертификаттау сызбасына байланысты өнімге, қызметке, жұмысқа, сапа жүйесіне инспекциялық бақылау орнату және норматив өтінішке сай келмеген өнімді тоқтату, берілген сертификаттауды шектету.

8. Сәйкестілікке сай емес өнімді тоқтату және оның сертифи- катын ану мәселесін Мемлекеттік бақылау және қадағалау ұйымына хабарлау. Сәйкестілікті анықтауға арналған жұмыстарды атқаратын ұйым аккредиттеу процедурасынан өту керек. Аккредитацияланған ұйымдар сертификаттауды ортақ өткізу керек.

Сертификаттауға қатысушылардың қатарына тұтынушылар да кіреді.

Сертификаттау қызметі тұтынушыларына мынадай бағыт керек:

1. Өнім сапасының жоғарылығы және қауіпсіздігі.
2. Өнім нарығы мен қызметі туралы толық хабарда болу.
3. Сапасыз тауардың тұтынушының өмірі мен денсаулығына алып келетін қауіпсіздігі үшін шығын ақысын төлеу.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар - меншік нысанына қарамастан, өнімді (көрсетілетін қызметті) өндірушілерден (орындаушылардан), өнімді (көрсетілетін қызметті) берушілер мен тұтынушылардан тәуелсіз, штатында сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бекітіліп берілетін қызмет бағыттары бойынша зертханалары бар Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйымдар.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар, оның ішінде шетелдік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттелуге тиіс.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдардың филиалдары сәйкестікті растау жөніндегі органның құрамында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттеледі.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар сәйкестікті міндетті растау мақсаты үшін аккредиттелген зертханалардың сынақ нәтижелерін пайдалануға тиіс.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар өтінім берушілермен жасалған шарт талаптарымен аккредиттеу саласы шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) дайындаушылардың (орындаушылардың), сатушылардың сәйкестікті міндетті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге өтінімдерін қарайды, сәйкестігін растауға ұсынылған өнімді, көрсетілетін қызметті бірдейлендіреді;

2) сәйкестікті міндетті растау жөнінде жұмыстар жүргізеді;

3) дайындаушылардың (орындаушылардың) өтінімдері бойынша сәйкестік туралы декларацияны қабылдауға қажетті жұмыстар жүргізеді;

4) сәйкестік туралы декларацияларды және өтініш-декларацияларды тіркейді;

5) сәйкестікті растау схемасына сай сәйкестігі міндетті растаудан өткен өнімге инспекциялық тексеру жүргізеді, олардың белгіленген талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда берілген сәйкестік сертификаттарының қолданысын немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеудің қолданысын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тоқтата тұрады немесе олардың күшін жояды;

6) берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың тізілімін жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сертификаттаумен айналысатын орган сертификаттау тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тартылады.

Сынақ зертханалары - нормативтік құжаттар өтінішіне сай келетін өнімнің сәйкестілігін анықтайтын аккредитация аумағындағы сынақтар өткізу үшін қатысады. Сынақ зертханалары сәйкестілікті анықтау жолында жеке ұйым немесе заңды тұлға бола алады. Сынақ зертханаларының негізгі функциясы - стандартты әдістемені қолдана отырып, сертификат сынағын өткізу. Сынақ нәтижелері ҚР МСТ нормативтік құжаттар орнатқан сынақ хаттамасында тіркеледі.

Заңды тұлғалардың құрылым бөлімдеріне қарайтын зерт-ханада сертификаты сынақ өткізу сертификатау ұйымының мүшесінің қатысуымен өтеді.

Қазақстан Республикасының заңына байланысты сынақ зерт-ханалары өнімді сынау нәтижесінің томен болғаны үшін жауапқа тартылады. Сертификатау мақсатында сынақ өткізетін ұйым стандарттау, метрология және сертификатау ұйымының аккреди-теуінен өтуі керек.

Аккредитация аумағындағы консалтингтік қызмет көрсету ұйымына өнімнің сертификациясының, үрдістің, жұмыс пен қызметтің сынақ зертханасы органының аккредитацияға дайын заңды тұлғалары кіреді.

Эксперт-аудиторлар - сәйкестілікті анықтайтын куәлігі бар маман. Ол өнім сапасының, үрдістің, қызметтің, жұмыстың, сапа жүйесінің, сынақ зертханалары мен сертификаттау органдарын аккредиттеу жолында жұмыс істейтін маман. Эксперт-аудиторлар сынақ өткізудің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік сер- тификат жүйесінде эксперт-аудиторлардың өтінішін анықтайтын нормативтік құжаттар тіркелген.

Стандарттауға қатысушылар. Сертификат жүйесінің қызметін пайдаланатын жай және заңды тұлғаларды өтініш бе-рушілер деп атайды. Егер, шығарылатын және өндірілетін өнім сертификаттау заңынаумағында болса, ондажоғарыда айтылған тұлғалар сәйкестілігін декларацияға тиісті өнімнің сәйкестілігін нақтылау керек.

3. СРО құрылымына қойылатын талаптар

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар:

1) дайындаушының (орындаушының), сатушының өтінімі бойынша аккредиттеу саласы шегінде объектілердің сәйкестігін міндетті және ерікті түрде растауды жүргізуге;

2) 2006.29.12. № 209-III ҚР [Заңымен](#) алып тасталды

3) өтінім берушіден сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті құжаттардың ұсынылуын сұратуға құқылы.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар:

1) өтінім берушінің сәйкестікті растау ережелері мен шарттары туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) өтінім берушіге қатысты кемсітушілікке жол бермеуге;

3) тіркелген сәйкестік туралы декларациялар, өтініш-декларациялар, берілген сәйкестік сертификаттары туралы, өтініш-декларацияларды тіркеген өтініш берушілердің сәйкестікті растау жұмыстарын жүргізуден жалтаруы туралы, сертификаттаудан және оларды беруден бас тартуы туралы деректердің электрондық есебін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асыруға;

4) өнім, көрсетілетін қызмет шығарылған елге қарамастан, өтінім берушінің коммерциялық мүддесі болып табылатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар және сарапшы-аудиторлар сәйкестікті міндетті растау ережелерін бұзғаны және сәйкестік сертификатын заңсыз бергені, сәйкестік туралы декларацияларды, өтініш-декларацияларды заңсыз тіркегені үшін, сондай-ақ өтініш-декларацияда көрсетілген ақпараттың дәйексіздігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар аккредиттеу саласында консалтингтік қызмет көрсетуге құқылы емес және осы қызметтерді көрсететін тұлғалармен аффилиирленген болуға тиіс емес.

Сәйкестікті растау жөніндегі органның меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқығы негізінде сәйкестікті растау жөніндегі органның аккредиттеу саласында көзделген объектілеріне уәкілетті орган айқындайтын көлемде сынақ жүргізуді қамтамасыз ететін зертханасы болуға тиіс.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Сәйкестікті растаудың салалық ерекшеліктерін атаңыз.
2. Сәйкестікті растау жөніндегі органдары туралы жалпы ақпаратты айтыңыз.
3. СРО құрылымына қойылатын талаптарды

СӨЗ және ОБСӨЖ тапсырмалары: Өлшемдер әдістемелерінің түрлері, оларды жасау және сараптау және техникалық регламенттер мен стандарттардың Мемлекеттік қоры

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.
5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова.Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университет, 2013. -172с.